

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бос
лауазымға тағайындау үшін ашық конкурс жариялайды**

04.06.2025 жыл.

1) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны тұрақты музыкалық жетекшісі лауазымына – 0.75 жүктеме.

Мекен-жайы: 030210 Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Маржанбұлақ ауылдық округі, Маржанбұлақ ауылы, Мектеп көшесі, 6 ғимарат.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Байланыс телефоны: 5-37-50, ұялы телефон: 87057241085

Электронды пошта: balapan.balabaksha@mail.ru

2. Негізгі функционалдық міндеттері:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес балалардың музыкалық тәрбиесі мен эстетикалық дамуын жүзеге асырады;

музыкалық сабақтарды, балалар мерекелерін және өзге де мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді, музыкалық дарынды балаларды анықтайды, балалармен жеке жұмыс жүргізеді;

балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруға қатысады, түрлі музыкалық және дидактикалық ойындар өткізеді;

педагогикалық кеңестерді дайындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады;

балалармен жұмыс тәжірибесіне инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізеді;

ата-аналар мен тәрбиешілерге балалардың музыкалық тәрбиесі мәселелері бойынша кеңес береді.

Еңбекке ақы төлеу мөлшері: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының музыкалық жетекшісі үшін еңбекақы мөлшері 170000 - 190 000 теңге аралығын құрайды.

3.Кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық немесе музыкалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

4.Құжаттар қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күннен бастап есептеледі: **05.06.2025- 16.06.2025 жск**

5.Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электронды немесе қағаз түрінде жолдайды:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 [бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу (тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS - айелтс) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;
- 11) осы Қағидаларға [12](#), [13-қосымшаларға](#) сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
- 12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

Көрсетілген міндетті құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушының құжаттарына біліктілік талаптарына біліктілік бағалауды жүргізеді.

Конкурсқа қатысқысы келетін азаматтар қажетті құжаттарын осы хабарландыру «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» МКҚК-нің ресми сайтында және әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 жұмыс күні ішінде мына мекен-жайға тапсыруы қажет: **Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Маржанбұлақ ауылдық округі, Маржанбұлақ ауылы, Мектеп көшесі, 6 ғимарат «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы» МКҚК**

Анықтама телефондары: 5-37-50 , ұялы телефон: 8705-724-10-85

Электрондық почта: balapan.balabaksha@mail.ru

Балабақшаның инстаграмм парақшасы: [balapanmarzhanbulak](#)